



## ТАРИХ ЖӘНЕ ТАРИХШЫЛАР

### **Дастан СӘТПАЙ**

*Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің профессоры, т.ғ.д., Қызылорда қ.*

2013 жылдың 5 маусым айында Қазақстанның ұлттық тарихын зерделеудің ведомствоаралық жұмыс тобының кеңейтілген отырысы – еліміздегі тарихи ойдың дамуына серпін берді. Құжатты дер кезінде қабылданған тарихи-идеологиялық жоба деуге болады. Аталған мерзімнен бергі уақытта, яғни бар болғаны үш айдың ішінде республикалық және облыстық басылымдарында жарияланып жатқан мақалалардың көлемі айрықша қомақты. Бұдан бөлек, БАҚ құралдарында «Халық тарих толқынында» айдарымен жүйелі түрде нақты практикалық маңызы бар хабарлар беріліп, түсірілімдер көрсетілуде. Тарихи мәселелердің, тек тарихшылардың кәсіби назар аясынан шығып, қоғамдық пікірге пәрменді шығуы қуантады. Бұл отандық тарихшылардың арманы болатын. Шынтуайтқа келгенде мемлекеттің отандық тарих мәселесіне көңіл бөлуін осы күнмен шектеп қоюға болмайды. Бұдан бұрын да елімізде тарих жылы аталып өтіп, ХХІ ғасырдың басында «Мәдени мұра» қабылданған болатын. Оның үстіне Елбасының ресми сөздерінде, жыл сайынғы жолдауларында отандық тарихтың өзекті мәселелері бойынша өзінің пікірін білдіріп жүр. Соған қарамастан, үстіміздегі жылдың 5 маусымындағы «тарихи оқиғаның» маңызы неде?

Егемендік алғаннан бергі жиырма екі жылдың көлемінде отандық тарихшылар тарапынан орасан зор жұмыстар атқарылғандығына қарамастан, қордаланған және шешімін таппаған мәселелер азаяр емес. Айталық, іргетасты мәселелерді шешуге барлық тарихшылардың әлеуетін біріктіру мәселесі. Соңғы жиырма жылда отандық тарих ғылымында беделді ғалымдардың маңайында тарихи мектептер қалыптасты. Мұндай жағдайларда кейбір жеке бастық, пендешілік қатынастардың тарих ғылымында көрініс беруі байқалмай калған жоқ.

Отырыстағы назар аударылған мәселелерінің тарихи еңбектер жазудағы графомания – «жазғыштықпен» әсіре желігу, көзбояушылық мәселелері

болды. «Әркімнің өлеңменен бар таласы» дегендей тарихи тақырыпқа қалам сермемеген әуесқой тарихшылар қалмады десе де болады. Бұл, әрине, олардың құқы. Тағы бір айта кететін жайт және тәуелсіздік жылдарындағы үлкен олқылық, Қазақстан тарих ғылымы ғана емес, барлық ғылым – билік пен қалталы пысықайлардың «жоғарыдан» және «төменнен» күшті қысымына ұшырады. Елімізде ғылыми дәреже алғандардың барлығын кінәлаудан да аулақпыз. Лайықты диссертациялар жеткілікті. Бұл Тәуелсіз Қазақстан тарих ғылымына тән құбылыс па еді? Жоқ. Бұрынғы Кеңес республикалары тарихшылары мен қоғамдық ғылымдарының ортақ әдістемелік кемшіліктері. Бұрынғы саясаттанған кеңестік тарих ғылымын әділ сынай отырып, олар өз республикаларының тарихын «патриоттандыру» жолына түсті. Яғни, бір қиястықтан екінші қиястыққа ұрынғанын олар түсінген жоқ немесе ұлттық тарихты саналы түрде «патриоттандыру» жаңа жағдайларда «пайдалы» болды. Осылайша, Украина, Балтық жағалаулары республикалары, Кавказ елдері және т.б. республикалар тарихшылары өткен ғасырлардағы өз халқының ба-сынан кешкен қасіреттерін патшалық және кеңестік билік құрылымдарынан көрмей, орыс халқынан көруге бейімделді. Бүгінгі күннің эмоциональдық көңіл күйін өткенге таңу арқылы ғылыми және саяси бедел жинау басталды. Бұған қоса бұрынғы кеңес республикалары халықтарының өткендегі өзара шиеленісті, әрі даулы қатынастарын «тарихшылардың» күшімен күн тәртібіне қою сәнге айналды. Бұрынғы социалистік елдерден поляк тарихшылары «белсенділік» көрсетуде. Оларға сенсек, поляк мемлекеттілігінің өткендегі қасыретіне көрші империялардан бөлек бұрынғы одақтастары, әрі алыстағы АҚШ, Англия, Франция да кінәлі болып отыр. Олардың, тіпті, тағдырлас көрші Украинаға деген «өкпесі» де қара қазандай болып шықты. Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында Украина көтерілісшілері – С. Бандераның жақтастары – елдің Волынь және Галиция аймағын поляк тұрғындарынан «тазарту жұмыстарын» жүргізген болатын. 1943 жылдың 11 шілдесінде 150 поляк селолары бандеровшылар тарапынан ойрандалды – «Волынь қырғыны» – «Волынская резня». Үстіміздегі жылда осы оқиғаның 70 жылдығына сәйкес, поляк тарихшылары Украинаны кінәлауды қолға алды. Алайда, бірнеше жылдан кейін Сталин поляктарға сыйлаған Висла аймағын украиндардан «тазартқан» науқанның басталғанына 70 жыл толмақ – «Висла операциясы». Демек, украиндардың өз кезегінде поляктарға кінә артуға құқы бар... Кавказ, Орта Азия республикалары халықтары арасында да осындай «реніштер» жоқ емес. Осындай эмоциональдық жағдайда тарихи шындықтың ауылы алыс екені бесенеден белгілі. Тарихты білген жақсы, бірақ оның тұтқынында қалуға болмайды. Өзімізді өзіміз жиі сынаймыз. Дегенмен, осы тұрғыдан келгенде қазіргі Қазақстан тарихшыларына байыптылық пен сабырлылықтың тәндігі қуантады.

Барлық тарихи қасыреттерді тудыратын – саяси-әлеуметтік реваншизм жолы. Кейбір тарихшы ғалымдардың тарихты «реваншизм» құралына айналдыруы өкінішті құбылыс. Бұл бағыттың жетегінде кете берсек, ертең сталинизм де, герман фашизмі де ақталуы мүмкін. Сондықтан тарихи ұлттық

жадты қазіргі қоғамдық пікір мен халықаралық қатынастарға көзсіз таңуға болмайды.

Қазақстан ғана емес, әлемдік ресми тарих ғылымының дәстүрлі ұстанымдары мен үрдістері де олқылықтардан кенде емес. Негізгі кемшілік – тарихи деректерге деген сыни көзқарастың жеткіліксіздігі. Жазба деректерге көзсіз сенер болсақ, осы күнгі халықтардың ата бабалары өткен ғасырлар бойы бір-бірімен үнемі соғыс жағдайында болған. Осыны тарихи шындық деп қабылдауға бола ма? Әрине болмайды. Басқаларды айтпағанда көптеген қазақ хандары мен сұлтандарының аналары мен әйелдерінің қалмақ қыздары болғанын айтса да жеткілікті. Демек, бүгінгі халықтардың ата-бабалары өткенде тек соғыс жағдайында болған жоқ. Олардың бейбіт шаруашылық, мәдени-сауда байланыстарын жақсартып, тату өмір сүрген уақыттары да көп болды. Бірақ, олардың барлығы тарихи деректерде көрініс таппаған. Сондықтан бүгінгі күнге дейінгі тарихи ғылымы – «соғыс концепциясы» тұрғысынан жазылды. Тарихшылардың келесі буынының міндеті – тарихқа деген «бейбітшілік концепциясына» қызмет ету (О. Сүлейменов).

Дәстүрлі отандық және әлемдік тарих ғылымының туа біткен «жарақаттарының» бірі – тарихты тілден, әдебиеттен және әнінен бөліп қарастыратындығы. Тілдік және фольклорлық, музыкалық деректерге деген толыққанды көзқарас қалыптасқан жоқ немесе олар жасырын кемсітіледі. Өкініштісі А. Пушкиннің «халық тарихы ақынға тиесілі» ұстанымын кәсіби тарихшылар қарадүрсін, тұрпайы түсінеді. Біздің ойымызша, бұл үлкен әдістемелік кемшілік. Кеңестік тарих ғылымының қасыреті, оның ғалымдарға тәуелді болып қалғандығында еді. Тарих ғылымы – ғалымдарға кіріптар болды да оның «азаттық алуы» оңайға түспеуде...

Әдетте, отандық тарихтың өкілдері «Қазақстан тарихына» қатысты «евроцентристік» тұжырымдамалардан арыла алмай жүрміз деген уәжді көп айтады. Алайда, «евроцентризмді» жеңу үшін оның тілтану ғылымындағы іргетасы – индоевропеистиканы жеңу қажеттігі олардың қаперіне кірмейді. Мәселенің маңыздылығы үшін айталық, А. Байтұрсынов деңгейіндегі тілтанушылардың ілімі де индоевропеистикаға негізделген. Сондықтан индоевропеистиканың іргетасын шайқалтуға бағытталған О. Сүлейменовтің жаңа «атомарлы лингвистикасын» насихаттауды қолға алу – отандық тарихшылар мен тілтанушылардың кәсіби, тіпті «патриоттық» міндеті.

Ғылыми-теориялық және методологиялық жағынан өзекті мәселелердің бірі – ХХ ғасырдың әлемдік тарихты дәуірлеу, кезеңдерге бөлу мәселесі. Өкінішке орай, отандық тарихшылар бұл мәселені әлі күнге дейін Мәскеулік тарихшылардың құзырына саналы түрде беріп, танытып отыр. Ал олар үнсіз. Дәстүр бойынша «Қазіргі заман тарихы» («Новейшая история») – 1917 жылғы «Қазан төңкерісінен» басталады. Себебі түсінікті. Біздің ойымызша, «Қазіргі заман тарихын» екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі уақыттан (1945 ж.) бастау керек. Оның бірінші кезеңін – «Салқын соғыс» жылдары (1946–1991 жж.), ал кезеңін 1991 жылы КСРО-ның ыдырауынан – бүгінгі күнге дейінгі аралық құрауы тиіс.

Күнтізбелік уақыт бойынша XX ғасырға жатқанымен 1917–1945 жылдарды не себепті «қазіргі заман тарихына» кіргізіміз келмегенін негіздеп көрелік. Себебі, күнтізбелік уақыт XX ғасырдың бірінші жартысын көрсетіп тұрғанымен әлемдік және елдердегі халықаралық және ішкі мәселелерді шешудің негізгі құралы – күштеу тәсілі болды. Сталин, Гитлер, Муссолини, Мао Цзе Дун т.б былай қойғанда У. Черчилль, Ф. Рузвельт, Ф. Трумен т.б деңгейіндегі саясаткерлер негізінен күштеу категорияларының аясында қалып қойды. Яғни, олардың ойлау категориялары XIX ғасырдың көнерген қалпынан шыққан жоқ. Бас аяғы жиырма бір жылдың ішінде екінші дүниежүзілік соғысқа жол беру – оның дәлелі. Тек екінші дүниежүзілік соғыстан кейін ғана әлемдік держава көшбасшылары мен элитасының ойлау қарымында «бейбітшілік» элементтері нығая түсті. Нәтижесінде «Салқын соғыстың» қатаң сынақтары арқылы өткен астам державалар «үлкен соғысқа» жол берген жоқ. Геосаяси өзгерістер басшылыққа алынған бұл тұжырымды ғылыми-техникалық (атом қаруы), экономикалық – саяси (отаршылдықтың күйрей бастауы), тұрмыстық (электрлі жабдықтардың жаппай тұрмысқа енуі) тұрғыдан негіздеуге болар еді.

«Қазіргі заман тарихын» осындай кезеңдерге бөлу отандық тарихты оқытқанда да әдістемелік жағынан ұтымды. Пәнаралық байланыс орнату арқылы Қазақстан тарихын әлемдік тарихи үрдістермен ұтымды ұштастырып, кіріктіруге болады. Осылайша, отандық және әлемдік тарих шындығы – методологиялық жағынан қорғалады.

Тұжырымдай келгенде, отандық әлем тарихын зерделеу және зерттеу ісінің бағытында мынандай практикалық ұсыныстар жасағымыз келеді:

1. Қазіргі таңда Қазақстан Республикасының жалпыға міндетті мемлекеттік білім беру стандартының мазмұнына сәйкес кәсіби тарихшылардан бөлек барлық мамандықтарда «Қазақстан тарихы» пәні бірінші курстан оқытылып жүр. Бұл біздің ойымызша ғылыми-методологиялық және педагогикалық жағынан да дұрыс емес. Айталық, инженер құрылысшы мамандығына түскен бірінші курс студенті мен бітіруші бесінші курс студентінің айырмашылығы жер мен көктей. Бірінші курс студентінің әуелі өз мамандығын алаңдамай мықтап игеріп алғаны абзал. Алғашқы курстан бастап болашақ инженер құрылысшының басын Қазақстан тарихы және т.б. қоғамдық пәндермен қатырудың қажеті жоқ. Ол әуелі өз мамандығын игеріп алсын. Сонан соң 4–5 курстарда бойынша ғана қоғамдық пәндерді оқысын. «Бес минутсыз» инженер-құрылысшының қоғамдық пәндерді игеруі және қабылдауы әлдеқайда сапалы және байсалды болады деп ойлаймын.

2. Тарих – қоғамнан оқшау өмір сүре алмайтыны хақ. Отандық тарихты зерттеу мен зерделеуге осыншалықты мемлекеттік қамқорлық көрсетіліп жатқанда «шығармашылық желігудің» буымен оны неосаясаттандыру жолына сырғып кету қиын емес. Онда біз ескі «қазыналық патриотизм» жолына қайта түскен болар едік. Бұл жолдың – қоғамдық-гуманитарлық ғылымдарға салған ылаңы аз болған жоқ.